

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 3 мамырдағы №ДС-191

Құрметті депутаттар!

Сіздердің білім алушыларды кітап оқуға баулу туралы депутаттық сауалдарыңызды қарап келесіні хабарлаймын.

Оқу орындарында мемлекеттік деңгейде кітап оқуға қызығушылықты арттыруға арналған арнайы бағдарлама жасауға қатысты

Өңірлерде оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған «оқу мектебі», «Менің отбасым – оқу отбасым» жобалары іске асырылуда.

2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсанынан бастап оқушылар арасында барлық мектептер мен балабақшаларда кітап оқуды насихаттайтын, оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және оқу белсенділігін арттыруға бағытталған «8 минуттық оқу» жобасы іске қосылды.

Қазіргі уақытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асырылуда. Аталған бағдарламаны іске асыру шеңберінде мектеп кітапханаларының оқырман санын 1 млн оқушыға көбейту, ал мектеп кітапханаларының көркем әдебиетінің негізгі қорын 143 млн дана кітапқа жеткізу жоспарланып отыр (*ұсынылатын әдебиеттер тізімі edu.bookfund.gov.kz ақпараттық жүйесіне орналастырылған*).

Жалпы мектептерде кітап оқуға бағытталған 40-тан астам жобаны сүйемелдеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Балалар кітапханасы» бағдарламасы әзірленіп Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім, Мәдениет және ақпарат министрліктерінің бірлескен бұйрығымен бекітілді. Осы бағытта тәуелсіз комиссия құрылып, ұсынылатын әдебиеттер тізімі мен «Балалар кітапханасы» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы шеңберінде 1770 атаудан тұратын білім алушыларға ұсынылатын әдебиеттер тізімі бекітілді. Тізімге қазақ әдебиетінің барлық кезеңдері, сондай-ақ барлық әдеби жанрлар (*балалар әдебиеті, поэзия, проза, драматургия, ғылыми-танымдық әдебиет, көркем публицистика, көркем аудармалар, ұлттық фольклордың барлық түрлері: ертегілер, аңыздар, поэмалар,*

айтыстар), ұлттық әдебиеттің (74,9%) және әлемдік әдебиеттің (25,1%) үздік туындылары кірді. Ол жыл сайын отандық және әлемдік әдебиеттің жаңа үздік шығармаларымен толықтырылатын болады.

Сонымен қатар Мектеп кітапханаларының қызметі мен кітап сатып алу мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидалармен¹ реттеледі.

Бүгінгі күні мектеп жанындағы кітапханалардың көркем әдебиет қоры 41 млн дананы құрайды және жыл сайын көркем әдебиет сатып алуға шамамен 4 млрд теңге бөлінуде.

Сондай-ақ «Балалар кітапханасы» бағдарламасының шеңберінде кітапхана қызметін цифрландыру, кітапханашылардың біліктілігін арттыру, кітапханалардың негізгі қорларын кезең-кезеңімен жаңарту және т.б. іс-шаралар көзделген.

Жалпы қабылданған шаралардың негізінде оқу орындарында білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы артуда.

Елімізде мемлекеттік деңгейде Кітап күнін белгілеуге қатысты

Қазіргі кезде Мәдениет және ақпарат министрлігімен Ұлттық кітап күнін атаулы күндер тізбесіне енгізу бойынша ҚР Үкіметі қаулысының жобасы әзірленді және қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны бекіту жұмыстары іске асырылуда.

Кітапханашылар мәртебесін арттырып түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және мектеп, колледж, университеттерде кітап оқу мәдениетін қамтамасыз етуге қатысты

2021-2025 жылдарға арналған шағын қалалардағы, аудан орталықтарындағы және ауылдардағы 5000 мектепті жаңғыртудың жол картасы шеңберінде 2577 мектеп кітапханалары жаңартылды. Аталған жол картасының аясында 2024 жылдың аяғына дейін 670 мектеп кітапханалары жаңғыртылатын болады.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2022 жылдан бастап «24 қазан – Кітапханашылар күні» деп бекітіліп, мереке қарсаңында кітапхана саласының дамуына айрықша үлес қосқан 179 кітапхана қызметкерлері «Мәдениет саласының үздігі» және «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен, «Құрмет грамотасы» және «Алғыс хаттармен» марапатталды.

Сондай-ақ 23 сәуір халықаралық кітапханашылар күніне орай Оқу-ағарту министрлігі білім беру жүйесінің кітапханашыларымен кездесіп (*ағымдағы жылғы 26 сәуірде Алматы қаласында*), кітапхана жұмысының проблемалары мен перспективаларын талқылады. Кездесу қорытындысы бойынша білікті және білім алушыларды кітап оқуға баулыған республика көлемінде 26 кітапханашы «Алғыс хатпен» марапатталды.

Бүгінде «Кітапхана ісі, ақпараттарды өңдеу және мұрағат ісі» білім беру бағдарламаларының топтарына бөлінетін гранттар саны артуда (*2023-2024 оқу жылына 100 білім беру гранты бөлінді, 5 пайызға артты*).

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығы.

Кітапханашының мәртебесін арттыру, кітапханаға оқырманды жақындату, кітап оқуды ілгерілету мақсатында елімізде жыл сайын «KİTAP SHOW», «KіtapTime» республикалық кітап фестивалдері ұйымдастырылуда. Мәселен, ағымдағы жылдың соңына дейін «Жас кітапханашы – 2024» республикалық форумын, «Кітапханашы – мерейлі мамандық» атты республикалық мерекелік іс-шараларын ұйымдастыру жоспарланған.

Жалпы Сіздер көтерген мәселелер бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

С. Жұманғарин